

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҚЫЗЫЛОРДА "БОЛАШАК" УНИВЕРСИТЕТІ

Бекітемін
Университет ректоры., т.ғ.к.
К.К. Дауренбеков



Ғылыми Кеңесінің шешімі
№ 1 хаттама « 28 » 2021 жыл

Қызылорда Болашақ университетінің

Білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бекіту жөніндегі

ЕРЕЖЕСІ

Қызылорда, 2021 жыл

1.1 Білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бекіту

1.1.1 Жалпы ережелер

Университет Жоғары және жоо кейінгі білімі бар мамандар даярлау бағыттарының жіктеуішіне, МЖББС талаптарына және жоғары және жоо кейінгі білім беру салаларының басқа да нормативтік-құқықтық актілеріне, сондай-ақ университеттің Академиялық саясатына сәйкес білім беру бағдарламаларын (әрі қарай - БББ) өз бетінше дайындайды.

Осы Ереже білім беру бағдарламаларының жоғары сапасына жету, білім алушылар мен оқытушылардың академиялық ұтқырлығын қамтамасыз ету, білімнің барлық деңгейлерінің сабақтастық қағидасын жүзеге асыру, сондай-ақ білім сапасын арттыру мақсатында дайындалды.

БББ студенттерді білім беру процесінде үнемі алға жылжыту үшін әзірленеді және бітірушінің атрибуттарын қалыптастыруға, алға қойылған мақсаттар мен жоспарланған оқыту нәтижелеріне жетуге бағытталған.

БББ - бұл жалпы алға қойылған мақсаттарға жауап беретін, оқыту мазмұны мен оның нәтижелерін көрсететін білім беру процесі, солардың негізінде білім беру процесі ұйымдастырылады, оқыту және сабақ беру тәсілдері мен әдістері және оқыту нәтижелерін бағалау критерийлері айқындалады; оқу жоспарлары (білім алушының жеке оқу жоспарлары, жұмыс оқу жоспарлары) және пәндер бойынша оқытушының жұмыс оқу жоспарлары мен пәндердің оқу бағдарламалары дайындалады.

Университеттің БББ дайындауға оқытудың жоспарланған нәтижелеріне жету мақсатында жоғары және жоо-дан кейінгі білімі бар мамандарды даярлау бағыттары бойынша Академиялық кеңес, кафедралар, білім беруші және стратегиялық әріптестер қатысады.

БББ үш тілде дайындалады: мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде.

Жоғары және жоо-дан кейінгі білімі бар мамандарды даярлау бағыттары бойынша

Академиялық кеңестің құзыреттері:

- Білім беру саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты жүзеге асырады.
- Бітіруші түлектің атрибуттарын қалыптастыру үшін құжаттарды талдайды (ҰБШ, СБШ, КС, МЖМБС).
- БББ тізімін, жобалауды, әзірлеу мен жетілдіруді анықтайды
- БББ сапасына, олардың әдістемелік және әдіснамалық қамтамасыз етілуіне, МЖББС талаптарына сәйкестігіне, еңбек нарығында сұранысқа ие болуына мониторинг жүргізеді.
- Кафедра қызметтерін үйлестіріп отырады және әдістемелік басшылық жасайды
- БББ жасау кезінде білім алушылардың құқықтары мен мүдделерінің сақталуын қамтамасыз етеді.
- Бітіртуші кафедралардың БББ-на мониторинг және кезең-кезеңдік бағалау жүргізу нәтижелері туралы есептерін тыңдайды.

Бітіртуші кафедраның құзыреттері:

- БББ әзірлеу қажеттілігін ғылыми негіздеу үшін еңбек нарығының ағымдағы және болашақ қажеттіліктерін, түлектерді жұмысқа орналастыру перспективаларын айқындайды, қолда бар инфрақұрылымға (материалдық-техникалық және ақпараттық ресурстар, ОПК) талдау жүргізеді.
- Қазақстан Республикасының Білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық актілерге, ұлттық және салалық біліктілік шеңберлеріне, кәсіптік стандарттарға сәйкес оқыту нәтижелеріне бағдарланған БББ әзірлейді, дескрипторларға сәйкес келетін бітірушінің атрибуттарын қалыптастырады, нормативтік-құқықтық актілерді, кәсіптік стандарттарды зерделейді, мониторинг жүргізеді.
- БББ іске асыру үшін кафедра (кадрлық ресурстар, өндіріспен серіктестік байланыстар) және университет (материалды-техникалық база) мүмкіндіктеріне талдау жүргізеді.
- Қазақстан Республикасының білім саласындағы нормативтік-құқықтық актілеріне, ұлттық және салалық біліктіліктер шеңберлеріне, кәсіби стандарттарға сәйкес оқыту нәтижелеріне бағдарланған БББ дайындайды.

- ҰБШ, СБШ, КС, МЖМБС негізінде кәсіби қызмет саласына зерттеу жүргізеді, бағдарламаны оқыту нәтижелерін тұжырымдайды, құзыретке қол жеткізуді бағалау әдістері мен құралдарын жобалайды, ресурстарға қажеттілікті айқындайды, БББ іске асыру үшін ұйымдастырушылық-әдістемелік сүйемелдеуді қамтамасыз етеді.

- Озық педагогикалық тәжірибелерді жинақтап, таратады.
- Өндіріс және ғылыми зерттеулермен байланыс орната отырып, сабақ беру мен оқытуда нақты-бағдарлық ұстанымды дамытады.

- Ішкі және сыртқы рецензиялар алу үшін БББ-ны таныстырады.

- Жұмыс берушілер мен білім алушыларға сауалнама және сұхбат өткізу негізінде БББ-на мезгіл-мезгілімен бағалау мен мониторинг өткізеді.

Жұмыс берушілердің құзыреттері:

- БББ дайындауға қатысады.
- Еңбек нарығына тиісті мамандарға сұраныстары бойынша ақпараттарды ұсынады.
- Тиісті салада қызмет жүргізуге қажетті кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастырады (бітірушінің атрибуттары).

- Білім алушылардың білім траекторияларының мазмұнын белгілейді.

- Білім алушылардың кәсіптік іс-тәжірибеден өтуіне, оқытудың өндіріспен және ғылыми зерттеулермен байланысын нығайтуға ықпал етеді.

- Мамандар даярлау және оларды еңбекке орналастыру мәселелері бойынша тараптармен өзара іс-қимылдарды дамытуға ықпал етеді.

- Білім беру процесіне тиісті саланың мамандарын тартуға ықпал етеді.

- Оқу пәндерін талдау, элективті пәндер каталогы, білім алушылардың бағдарламаларының жеке жоспарлары, БББ іске асыруды реттейтін ішкі нормативтік құжаттар, олардың мониторингі мен бағалауы, сұхбат және сауалнама жүргізу негізінде БББ мониторингі мен кезеңдік бағалау процедурасына қатысады.

Білім алушылардың құзыреттері:

- БББ дайындауға қатысады.

- БББ сапасын жақсарту жөнінде ұсыныстар енгізеді.

- БББ мониторингі мен кезеңдік бағалау процедураларына қатысады.

Барлық білім деңгейінің БББ модульдік оқыту қағидасы бойынша және оның айрықша сипаттарын, оқу саласын, оқыту деңгейлерін, нәтижелерін, кәсіби қызметтің негізгі түрлерін білдіретін бейінге сәйкес дайындалады, сапасын үнемі жоғарылатып отыру тиіс және жоғары және жоо-дан кейінгі білімі бар мамандар даярлау бағыттарының жіктеуішіне сәйкес бағыттар бойынша айқындалады.

БББ құрлымы, дайындау, қайта қарау, өзгертулер мен түзетулер енгізу тәртібі, сараптама осы Ережемен анықталады.

Университеттің БББ-н Ғылыми кеңестің шешімі негізінде университет ректоры бекітеді.

БББ сапасына бойынша кафедра мен мамандар даярлау бағыттары бойынша Академиялық кеңестерге жауапкершілік жүктеледі.

1.1.2 Білім беру бағдарламасын дайындау тәртібі

БББ дайындау келесі рәсімдерден өтеді:

1. БББ дайындау қажеттігін ғылыми негіздеу үшін маман шығарушы кафедра еңбек нарығының, мектептер мен колледждер түлектерінің сұраныстарына мониторинг, қолдағы бар инфрақұрылымға (материалдық-техникалық және ақпараттық ресурстар, ОПК) талдау өткізеді.

2. БББ мақсаттарын айқындау. Мақсат қоғамның әлеуметтік тапсырысы мен жұмыс берушінің талаптарына сай келетін бітіруші моделін қалыптастырудағы, сондай-ақ тұлғаның кәсіби қалыптасуы мен жеке өсуіне деген сұраныстарын қанағатандыруға бағытталған стратегиялық басымдықтарды айқындауы тиіс.

Бағдарлама мақсаты оқытушылар мен білім алушыларға, сондай-ақ негізгі мүдделі тараптарға түсінікті болуы тиіс.

БББ-ң негізгі міндеттері кәсіби стандарттар мен жұмыс берушілердің талаптары

негізінде нақтыланады және толықтырылады.

3. Бітіртуші кафедра кәсіби қызмет бағыттарының тәжірибелі мамандарымен, өндіріс саласының өкілдерімен және білім алушылармен бірлесіп дескрипторларға сай келетін бітіруші атрибуттарын қалыптастырады, нормативтік-құқықтық актілерді, кәсіби стандарттарды зерттейді, мониторинг өткізеді.

4. Жұмыс берушілермен келісілген бітіруші атрибуттары негізінде оқытудың жоспарланған нәтижелерінің (әрі қарай - ОЖН) картасы жасалып, онда БББ бойынша ОЖН, ОЖН-не жетуге ықпал ететін пәндер тізбесі, оқыту және сабақ беру әдістері, сондай-ақ бағалау технологиясы қамтылады.

5. Бітіртуші кафедра БББ-ң бастапқы нұсқасын дайындап, ол кафедра мәжілісінде қаралады. Кафедра мәжілісінің шешімімен БББ-ң осы жобасы талдау жасап, даярлау бағыттары бойынша Академиялық кеңестің отырысында қаралып, келісуіне ұсыну туралы шешім қабылдау үшін жоғары мектеп кеңесіне жіберіледі.

6. Даярлау бағыттары бойынша Академиялық кеңес стратегиялық әріптестермен (жұмыс берушілермен) және білім алушылармен бірлесіп келісу процедурасын (таныстырылым, дөңгелек үстелдер, семинарлар т.с.с.) жүргізеді. Оң шешім қабылданған жағдайда даярлау бағыттары бойынша Академиялық кеңес БББ бекіту үшін университеттің Ғылыми кеңесіне ұсынады.

7. Университеттің Ғылыми кеңестің оң шешімі негізінде БББ ректормен бекітіледі. БББ бойынша оқытудың алынған нәтижелері жыл сайын талдаудан өтеді, сұранысы бар құзыреттерді қалыптастыратын жаңа компоненттерді енгізу жөнінде ұсыныстар әзірленеді.

8. БББ түзету Академиялық күнтізбеге сәйкес жүргізіледі.

9. БББ сапасы БББ дайындаушылардың тұтынушылармен (білім алушылармен) және жұмыс берушілермен сауалнама және сұхбат жүргізуі арқылы кері байланысымен анықталады.

1.1.3 Білім беру бағдарламасының құрлымы

Білім беру бағдарламасының құрлымы келесі компоненттерді қамтиды:

1. Титуль парағы
2. Білім беру бағдарламасының төлқұжаты
3. Пәндер туралы мәліметтер
4. Оқытудың жоспарланған нәтижелер картасы
5. Элективті пәндер каталогы

1.1.4 Бірлескен білім беру бағдарламаларын әзірлеу

Университеттің білім беру жүйесін жетілдіру және оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру, әр түрлі білім беру тәжірибесін және серіктес университеттер бағдарламаларының прогрессивті элементтерін қолдану арқылы университеттің білім беру бағдарламаларының сапасын арттыру, білім алушылар мен профессор-оқытушылар құрамының академиялық ұтқырлық бағдарламаларын тереңдету мақсатында университетте бірлескен білім беру бағдарламалары (бұдан әрі ББББ) әзірленуде.

ББББ университеттің екі кафедрасымен, университет және серіктес жоо кафедрасымен (қазақстандық және шетелдік) әзірленеді және іске асырылады, бұл ретте оқу модульдерінің бір бөлігін серіктес жоо-ның поқ оқытады деп болжанады.

ББББ, ҚР ББ Тізіліміне енгізілген болса, іске асырылады.

Университет білім алушыларының ББББ-на қатысуын серіктес жоғары оқу орындары арасында, жоғары оқу орны мен білім беру ұйымы арасында, университет кафедралары арасында жасалған шарттар мен келісімдер негізінде Академиялық мәселелер жөніндегі басқарма мен маман бітіртуші кафедралар үйлестіреді.

ББББ мақсаты мен мазмұнын екіжақты келісуін, білім беру бағдарламаның салыстырмалылығы мен үндестірілуін, оқыту нәтижелері мен оларға жету әдістерін болжайды.

Әріптес ЖОО-ны айқындау кезінде ББББ нәтижелі жүзеге асыру үшін ресми

лицензияның (аккредиттеудің) болуы, қажетті адами және материалдық ресурстардың жеткілігі маңызды.

ББББ келесі есебінен жүзеге асырылуы мүмкін:

- 1) ПОҚ мен білім алушылардың өзара алмасуы;
- 2) білім алушылардың жеке қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

ББББ жүзеге асырудың міндетті шарттары:

- 1) келісілген білім беру бағдарламаларының әзірленуі және бекітілуі;
- 2) ББББ енгізілген білім алушылардың әріптес ЖОО-да білім беру бағдарламасының бөлігін меңгеруі;
- 3) келісімдердің, сапаны қамтамасыз етудің жалпы қағидаттары мен стандарттарының негізінде оқыту кезеңдері мен нәтижелерінің міндетті түрде танылуы және автоматты түрде қайта есепке алынуы;
- 4) оқытушылардың ББББ-ға тартылуы, білім беру бағдарламасын бірлесіп әзірленуі, оқытылуы.

Бірлескен білім беру бағдарламаларын дайындау тәртібі:

1. ЖОО арасында (кафедралар) екіжақты келісім шарт жасалынады.
2. Дайындалған БББ Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде екі жоо ректорларымен бекітіледі.
3. Жұмыс оқу жоспарымен университетте және әріптес ЖОО-да білім алушылармен игерілетін оқу пәндері мен кредиттер көлемі, уақыт шектері айқындалады.
4. Білім беру бағдарламасының жекелеген компоненттері бойынша кредиттерді бөлу кезінде Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптары, оқытудың қалыптастырылатын нәтижелері ескерілуге тиіс.
5. ББББ әзірлеу кезінде ПОҚ әулеті, өндірістік мамандарды тарту үлесі, оқу-әдістемелік және материалдық-техникалық қамтамасыз етілуін ескеру қажет.
6. ББББ кезінде оқытудың әртүрлі технологияларын пайдалануға болады: қашықтықтан оқыту технологияларын пайдалана отырып оқыту (ПОҚ және білім алушылар онлайн); білім алушыларды немесе ПОҚ-ын көшпелі оқыту.
7. Академиялық үлгерімді, тілдік дайындықты және т.б. ескере отырып, білім алушылардың іріктелуі жүзеге асырылады. ББББ-ға қатысуға өтініш білдірген білім алушылар оқыту туралы шарттың/келісімнің мазмұнымен, білім алушыға қойылатын талаптармен, құжаттар тізбесімен және әріптес ЖОО-ның сұрауы бойынша басқа да ақпаратпен танысады.
8. Білім алушы өтініш пен үш жақты келісім шарт негізінде әріптес ЖОО-да қабылдау рәсімінен өтеді.
9. Білім алушының жеке оқу жоспарын жасау және бекіту кезінде екі тараптың да білім беру бағдарламалары салыстырылады, оқу пәндерінің тізбесі, олардың еңбек сыйымдылығы, семестрлер бойынша бөлінуі, оқыту тілі көрсетіледі. Сондай-ақ, білім алушы практиканың барлық түрлерінен және қорытынды аттестаттаудан толық көлемде өтеді.
10. ББББ бойынша білім алушының оқуын растайтын қорытынды құжат транскрипт немесе әріптес ЖОО-ның баламасы болып табылады.
11. Транскриптке оқу бағдарламасы туралы мәліметтер енгізіледі: пәндердің (модульдің) атаулары, бағалар, игерілген академиялық кредиттердің саны.
12. Білім алушылардың ББББ-ның шеңберінде толық көлемде игерген және транскриптпен расталған оқыту нәтижелерін университет және әріптес-жоо міндетті түрде қайта есептейді.
13. Жалпы саны 240 кредиттен құрылатын кредиттердің көлемі әріптес жоғары оқу орындары арасында келісім бойынша бөлінеді;
14. Келісім-шарт жасау кезінде қаржылық мәселелер келісіледі.
15. Өзгерту мен түзетулердің енгізілуі қажеттілігі бекітілген жұмыс комиссиясы және Академиялық кеңесімен айқындалады. Жыл сайын әр жоо-әріптесімен жаңа элективті пәндер, модульдер енгізу бойынша ұсыныстар жасалады.
16. Екі жақты келісімнің сәйкес, білім беру бағдарламасын сәтті меңгерген БББ

қатысушылары белгіленген нысандағы құжатты (диплом, сертификат) алады (тараптардың біреуі немесе екі жоғары оқу орны) оқуды аяқтағаны туралы академиялық дәрежені (екіжақты) және / немесе біліктілікке (екі) ие болады. Егер бір бірлескен диплом берілсе, оған екі серіктес-жоо қол қояды.

1.1.5 Ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғаларға арналған білім беру бағдарламаларын іске асыру

Университет мүмкіндігі шектеулі студенттерге инклюзивті білім беруді қамтамасыз етуге жағдай жасайды. Осындай контингент болған жағдайда, бітіруші кафедра жүзеге асырылып жатқан БББ-ны білім алушының қажеттіліктеріне сәйкес бейімдейді, инклюзивті білім беру формалары, дидактикалық материалдар, арнайы оқу құралдары қарастырылған, сонымен қатар оқу процесін қамтамасыз ететін арнайы оқу бағдарламаларын жасайды:

- студенттердің мүмкіндіктеріне қарай, практиканың өтуін қамтамасыз ету;
- ерекше қажеттілігіне ескере отырып, ағымдағы, аралық және қорытынды бақылауды жүргізу;
- жұмысқа орналасуға дайындық және ықпал ету;
- электрондық оқыту және қашықтықтан оқыту технологияларын қолдана отырып, оқу процесін ұйымдастыруға арналған ұсыныстарды дайындау;
- «Дене шынықтыру» пәнін арнайы топтарда ұйымдастыру;
- білім беру қажеттіліктері бар тұлғаларды БББ-да оқыту олардың жеке мүмкіндіктерін ескере отырып жүзеге асырылады. Оқу процесін басқа білім алушылармен бірге де, жеке де ұйымдастыруға болады.

Куратор-эдвайзер ерекше білім беру қажеттілігі бар студенттерге арнайы техникалық көмекпен қамтамасыз етеді, белгіленген оқыту нәтижелеріне қол жеткізу үшін жекелендірілген мазмұны, әдістері мен тәсілдері негізінде игерілетін ЖОЖ қалыптастыруға көмектеседі.

Ерекше білім беру қажеттіліктерді ескере отырып, пәндердің оқу бағдарламаларының әр тақырыбы жеке әдістемесімен қамтамасыз етілуі қажет.

1.1.6 Білім беру бағдарламасын ресімдеуге қойылатын талаптар

БББ құрылымдық элементтерін *Қосымшаларға* сәйкес ресімдеу ұсынылады.

Парақ параметрлері: үсті - 2 мм, асты - 2 мм, сол жағы - 3 мм, оң жағы - 2 мм

Шрифт: Times New Roman

Кегль: 12

Жоларалық интервал: бір жол

1.1.7 Білім беру бағдарламаның сараптамасы

БББ жетілдіру және сапасын қамтамасыз ету мақсатында жұмыс берушілердің қатысуымен жасалған бағдарламаларға еңбек нарығына сәйкестігі, білім технологияларын қолдануы жағынан, оған қоса студенттердің жетістіктерін бағалау әдістері тұрғысынан, сондай-ақ осы бағдарламаның өзектілігін ескере отырып, сыни талдау мен сараптама жүргізіледі.

Сараптамаға тартылады:

- жұмыс берушілер, стратегиялық әріптестер, олар БББ-ң кәсіби стандарттар мен салалық біліктілік шеңберлерінің талаптарына, жоспарланған оқыту нәтижелеріне сәйкестігіне баға береді;
- білім алушылар (студенттер, магистранттар, докторанттар) немесе бітірушілер, олар білім беру қызметінің тікелей тұтынушылары болып табылады;
- БББ дайындап, жүзеге асыруға қатысатын оқытушы-профессор құрамы.

БББ сыртқы және ішкі сараптамдан өтуі тиіс. Ішкі сараптаманы мамандар даярлау бағыттары бойынша Академиялық кеңестер, жетекші оқытушы-профессор құрамы, білім алушылар өткізеді. Сыртқы сараптаманы - Қауымдастықтың, аймақтағы білім ұйымдарының өкілдері, басқа жоо өкілдері, жұмыс берушілер, стратегиялық әріптестер, бизнес-құрылым өкілдері өткізеді.

БББ сараптама жасау кезінде БББ өзектілігі, БББ қойылған мақсаттар мен

міндеттердің орындалуы, білім алушылардың оқыту нәтижелеріне жетуі және олардың кәсіби стандарттар талаптарына сәйкестігі, БББ құрудың толықтығы мен қисыны бағаланады.

Сараптама БББ компоненттерінің сапасын оның өзара келісімділігімен - оның мақсаты, мазмұны, оқыту және сабақ беру әдістері, оқытудың түпкі нәтижелері, БББ мүдделі тараптардың сұраныстарына қаншалықты жауап бере алуының белгіленген талаптарына сәйкестігімен айқындауы тиіс.

Сараптама кезінде БББ-ң білім саласындағы нормативтік-құқықтық актілерге сәйкестігі, ғылыми негізділігі арқылы БББ-ң өзектілігі, оның перспективалары мен даму жолдары анықталады.

Сыртқы және ішкі сараптама қорытындылары бойынша тиісті ұсыныстарымен жазбаша сараптамалық тұжырымдама беріледі:

- БББ мақұлдау/бекіту;
- орындау мерзімін көрсетіп, БББ-на пысықтау жүргізу.
-

1.2 Бірлескен/ қосдипломды білім беру бағдарламаларын әзірлеу ережесі

1.2.1 Мақсаттары

БББ қатысушы негізгі ЖОО-ның оқуға қабылдау ережесіне сәйкес сол ЖОО-на оқуға түседі. Әріптес ЖОО-ға қабылдау БББ-на қатысушының өтініші бойынша жүргізіледі.

Қабылдау комиссиясы немесе басқа өкілетті бөлімше студенттің/магистранттың БББ аясында оқуға қабылдау туралы өтініші негізінде бұйрық рәсімдейді. Осыған ұқсас шетелдік студенттер/магистранттар БББ аясында Қызылорда Болашақ университетінде өтінімдері негізінде оқуға қабылдау туралы бұйрық рәсімделеді. Білім алушыны БББ-не қабылдау туралы бұйрық әріптес ЖОО білім алушыға квота/грант бөлу туралы ресми хабарлағаннан кейін шығарылады.

Оқуға түскен кезде БББ қатысушылар (студент, магистрант) әріптес ЖОО-ның пререквизиттерін тапсырудан босатылады.

Білім алушы БББ-да айқындалған барлық кредиттерді табысты игеруге міндетті. Білім алушы БББ-да көзделген практикалардың барлық түрлерінен, ғылыми тағылымдамадан және қорытынды аттестаттаудан өтуі тиіс.

Әріптес ЖОО-да академиялық айырмашылық немесе қарызы болған жағдайда, білім алушысы пәндерді келесі академиялық кезеңде Қызылорда Болашақ университетінде ақылы негізде оқиды.

Әр семестрдің соңында әріптес ЖОО білім алушыға оқыған пәндерінің тізбесін және қол жеткізген нәтижелерін көрсетіп академиялық анықтама/транскрипт береді, ол ТБ-ге жіберіледі.

Қорытынды аттестаттауды ұйымдастырып, өткізу БББ жүзеге асыру туралы келісімге сәйкес жүргізіледі.

Бағдарлама аяқталғаннан кейін білім алушылар білімі туралы екі құжат: тиісті мамандығы бойынша Қазақстан Республикасының дипломы және шетелдік әріптес ЖОО-ның дипломын алады.

Әріптес ЖОО-да оқыған уақытта Қазақстан Республикасының білім грантының иегері болып табылатын білім алушылар Қазақстан Республикасының заңнамалығына сәйкес стипендия алады. Әріптес ЖОО-да емтихандарды, сынақтарды оң бағалармен сәтті тапсырған жағдайда, ҚБТ бойынша аралық аттестаттауды ескере отырып, келесі семестрге стипендия тағайындалады.

БББ жүзеге асыру туралы келісіммен ЖОО арасында әріптес ЖОО-да ақылы оқу көзделген жағдайда: Қызылорда Болашақ университетінде келісімшарттық (ақылы) негізде оқитындар әріптес ЖОО-да оқу құнын өз есебінен төлейді.

Әріптес ЖОО-да оқығаны үшін төлем асып кеткен кезде айырмашылықты төлеу білім алушының қаражаты есебінен жүргізіледі.

Жатақханамен қамтамасыз ету БББ жүзеге асыру туралы келісіммен реттеледі.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
THE MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
ҚЫЗЫЛОРДА «БОЛАШАК» УНИВЕРСИТЕТІ
ҚЫЗЫЛОРДИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ «БОЛАШАК»
KYZYLORDA «BOLASHAK» UNIVERSITY

«Келісілді»
Жұмыс беруші әріптес мекеме, басшысының
қолы, мөрі _____
« ____ » _____ 2021 ж.

«Келісілді»
Академиялық кеңес төрағасы

Мәжіліс хаттамасы № ____, _____ 2021 ж.



«Бекітемін»
Университет ректоры, т.ғ.к.
_____ К.К.Дауренбеков
« ____ » _____ 2021ж.

Ғылыми Кеңесінің
№ __ хаттамасы _____ 2021 ж.

«Келісемін»
Академиялық мәселелер және ғылыми жұмыстар
жөніндегі проректор, э.ғ.к.
_____ А.М.Шильманова
« ____ » _____ 2021ж.

Бағдарлама типі: 6 деңгей – **БАКАЛАВРИАТ**; 7 деңгей – **МАГИСТРАТУРА**;

Білім беру бағдарламаның атауы: _____

Наименование образовательной программы: _____

Name of the educational program : _____

Жалпы кредит саны/общее количество кредитов/ total number of credits: _____

Оқу түрі/Форма обучения/ Form of training: _____

Бағдарламаны күтілетін игеру мерзімі/

Предполагаемые сроки освоения программы/

Estimated time frame for the development of the program: _____

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген (ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылдың 5 мамырында № 182 бұйрығымен толықтырулар мен өзгерістер енгізілген) Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарының қызметіне арналған үлгі ереже; 2011 жылдың 20 сәуірінде № 152 бекітілген білім берудің кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережесі (2018 жылғы 12 қазандағы түзетулерімен); Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 13 қазандағы № 569 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мамандықтарының жіктеуіші.

Закона Республики Казахстан «Об образовании» от 27 июля 2007 года; Государственного общеобязательного стандарта высшего образования, утвержденным приказом министра образования и науки РК №604 от 31 октября 2018 года (приказом Министерства образования и науки РК от 5 мая 2020 года № 182 внесены изменения и дополнения); Типовые правила деятельности организаций образования, реализующими образовательные программы высшего и(или) послевузовского образования, утвержденными приказом министра образования и науки РК №595 от 30 октября 2018 года; Правила организации учебного процесса по кредитной технологии обучения, утвержденными 20 апреля 2011 года № 152 (с изменениями от 12 октября 2018 года); Классификатор направлений подготовки кадров с высшим и послевузовским образованием, утвержденным приказом министра образования и науки РК от 13 октября 2018 года № 569.

БББ ӨЗІРЛЕГЕНДЕР/ РАЗРАБОТЧИКИ ОП / DEVELOPERS OF THE EP

Білім беру бағыты бойынша Академиялық кеңес төрағасы _____ <i>аты-жөні, ғылыми жәрежесі, атағы</i> Председатель Академического совета по образовательным направлениям _____ Chairman of the Academic Council for Educational Areas _____	_____ (подпись/қолы/signature)
« _____ » кафедраның меңгерушісі _____ <i>аты-жөні, ғылыми жәрежесі, атағы</i> Заведующий кафедрой « _____ » Head of the Department _____ _____	_____ (подпись/қолы/signature)
« _____ » кафедраның оқытушысы _____ <i>аты-жөні, ғылыми жәрежесі, атағы</i> Старший преподаватель кафедрой « _____ » Senior lecturer of the Department _____ _____	_____ (подпись/қолы/signature)
Жұмыс беруші Работодатель Employer:	_____ (подпись/қолы/signature)
Білім алушы <u>аты-жөні, оқу тобы</u> Обучающийся/ Student:	_____ (подпись/қолы/signature)

«Болашақ» университетінің Ғылыми кеңесінде қаралған және мақұлданған (хаттама №_____, _____ 2021 ж.)
 Рассмотрен и утвержден Ученым Советом университета Болашақ (Протокол №_____, _____ 2021 г.)
 Reviewed and approved by the Academic Council of Bolashak University (Protocol №_____, _____ 2021 г.)

БББ Төлқұжаты/Паспорт ОП

№	Мәлімет атауы	Ескертпе
1	Білім беру саласының коды және атауы Код и классификация области	
2	Даярлау бағытының коды және атауы Код и классификация направления подготовки	
3	Білім беру бағдарламасының коды және атауы Код и наименование образовательной программы	
4	БББ түрі(қолданыстағы, жаңа, инновациялық) Вид ОП(действующая, новая, инновационная)	
5	БББ мақсаты Цель ОП	
6	БББ негіздемесі Обоснование ОП	
7	Ұлттық біліктілік шеңбері бойынша Уровень по Национальной рамке квалификации	
8	Салалық біліктілік шеңбері бойынша Уровень по Отраслевой рамке квалификации	
9	Біліктіліктер мен қызметтер тізбесі, берілетін дәреже (бакалавр, магистр) туралы ақпараттар, сондай-ақ БББ бітіруші айналыса алатын қызметтердің атауы/ Перечень квалификаций и должностей, информация о присваиваемой степени (бакалавр, магистр), наименования должностей для окончивших ОП	
10	Кәсіби қызмет саласы Область профессиональной деятельности	

11	Кәсіби қызмет түрлері Виды профессиональной деятельности	
12	Кәсіби қызмет функциялары Функции профессиональной деятельности	
13	БББ айрықша ерекшеліктері Отличительные особенности ОП	
14	Әріптес ЖОО (ББББ - бірлескен білім беру бағдарлама) ВУЗ-партнер (СОП - совместная образовательная программа)	
15	Оқыту нысаны Форма обучения	
16	Оқыту тілі Язык обучения	
17	Кредит саны Объем кредитов	
18	Берілетін академиялық дәреже Присуждаемая академическая степень	
19	Кадрларды даярлау бағыт бойынша лицензияның қосымшасының болуы Наличие приложения к лицензии на направление подготовки кадров	
20	БББ аккредиттеуден өтуі Наличие аккредитации ОП	
21	Аккредиттеу органының атауы Наименование аккредитационного органа	
22	Аккредиттеудің мерзімі Срок действия аккредитации/	

**Пәндер туралы мәліметтер
Сведения о дисциплинах
Information about disciplines**

Оқыту нәтижелері результаты обучения learning outcomes	Пәннің атауы Наименование дисциплины Name of the discipline	Пәннің қысқаша сипаттамасы (30-50 сөз) Краткое описание дисциплины Brief description of the discipline	Кредит саны Количество кредитов Number of credits	Кәсіби құзыреттілік(КҚ) Профессиональные компетенции (ПК) Professional Competences (PC) в соответствии с Дублинскими дескрипторами
Жалпы білім беретін пәндер циклі Міндетті компонент/ ЖОО компоненті / таңдау компоненті Цикл общеобразовательных дисциплин Обязательный компонент/ Вузовский компонент/Компонент по выбору Cycle of general education disciplines Mandatory component/ University component/Component of choice				
ON 1				
Базалық пәндер циклі ЖОО компоненті Цикл базовых дисциплин Вузовский компонент Cycle of basic disciplines University component				
Базалық пәндер циклі Таңдау компоненті Цикл базовых дисциплин Компонент по выбору Cycle of basic disciplines Component of choice				
Бейіндік пәндер циклі ЖОО компоненті / Таңдаукомпонент Цикл профилирующих дисциплин Вузовский компонент/ Компонент по выбору Cycle of profile disciplines University component/ Component of choice				

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
ҚЫЗЫЛОРДА «БОЛАШАК» УНИВЕРСИТЕТІ
КЫЗЫЛОРДИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ «БОЛАШАК»
KYZYLORDA «BOLASHAK» UNIVERSITY

«Келісілді»

Өрлеу БАҰО Қызылорда облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының директоры

«_____» _____ 2021 жыл

«Келісілді»

Академиялық кеңес төрағасы

Мәжіліс хаттамасы

№ _____, _____ 2021 жыл

«Бекітемін»

«Болашақ» университетінің Академиялық мәселелер және ғылыми жұмыстар жөніндегі проректоры, э.ғ.к.

_____ Шильманова А.М.

«_____» _____ 2021 жыл

Элективті пәндер каталогы/Каталог элективных дисциплин/Catalogue of elective disciplines
Білім беру және педагогика жоғары мектебінің факультеті/Факультет Высшей школы образования и педагогики/
Faculty of the HighSchool of Education and Pedagogy
Педагогика, дефектология кафедрасы/Кафедра педагогики и дефектологии/Department of pedagogy and defectology
Білім беру бағдарламасы/Образовательная программа/Educational program/
6B01101-Педагогика және психология/6B01101-Педагогика және психология/6B01101- Pedagogy and psihology

Оқуға түскен жылы/Год поступления/year of entrance: 2021 ж /2021 г /2021 у.

№	Пән циклы/ цикл дисциплины/ cycle of discipline	Пән коды/ Код дисциплины /Code of discipline	Пән атауы/ Наименование дисциплины/ Name of discipline	Кредит саны/Кол-во кредитов/ Number of credits	Пәннің сипаттамасы/ Характеристика дисциплины/ Characteristics of discipline	Бақылау түрі/ форма контроля form of control	Бақылау дың өту түрі (тест, жазбаша, ауызша,)/ вид контроля (тест, письменно, устно)/ type of control (test, written form, orally)	Бағдарлама жетекшісінің аты-жөні, ғылыми атағы, дәрежесі/ф.и.о. руководителя программы, ученая степень, звание /name, surname of the instructor of program, scientific degree, rank
1 курс 1 Академиялық кезең/1 Академический период/1 Academic period								
1					1. Пререквизиттері/пререквизиты/ prerequisites 2. Постреквизиттері/постреквизиты/ postrekvizites 3. Пәннің мақсаты: цель дисциплины/aim of the discipline 4. Қысқаша мазмұны/краткое содержание/shortcontent 5. Құзыреттілігі/компетенции/ competences 6. Күтілетін нәтиже/ожидаемые результаты/ expectedresults	емтихан экзамен exam	тест тест text	Э.Ф.М., аға оқытушы Қасымбекова М.Д м.с.н., старший преподаватель Қасымбекова М.Д Kasymbekova M.D Senior Lecturer and Master of Social Sciences
Берілген пәндерден ___ пән таңдалады. Игеруге тиісті кредит саны - ___ Из предоставленных дисциплин выбрать ___ дисциплины. Необходимый объем кредитов для освоения - ___								

From the given disciplines choose ___ disciplines. The required amount of loans for development – _____

1-курс

2-академиялық кезең/ 2-академический период/ 2-academic period

Берілген пәндерден ___ пән таңдалады. Игеруге тиісті кредит саны - ____

Из предоставленных дисциплин выбрать ___ дисциплины. Необходимый объем кредитов для освоения - ____

From the given disciplines choose ___ disciplines. The required amount of loans for development – _____

2-курс

3-академиялық кезең/ 3-академический период/ 3-academic period

Берілген пәндерден ___ пән таңдалады. Игеруге тиісті кредит саны - ____

Из предоставленных дисциплин выбрать ___ дисциплины. Необходимый объем кредитов для освоения - ____

From the given disciplines choose ___ disciplines. The required amount of loans for development – _____

2-курс

4-академиялық кезең/ 4-академический период/ 4-academic period

Берілген пәндерден ___ пән таңдалады. Игеруге тиісті кредит саны - ____

Из предоставленных дисциплин выбрать ___ дисциплины. Необходимый объем кредитов для освоения - ____

From the given disciplines choose ___ disciplines. The required amount of loans for development – _____

3-курс

5-академиялық кезең/ 5-академический период/ 5-academic period

Берілген пәндерден ___ пән таңдалады. Игеруге тиісті кредит саны - ____

Из предоставленных дисциплин выбрать ___ дисциплины. Необходимый объем кредитов для освоения - ____

From the given disciplines choose ___ disciplines. The required amount of loans for development – _____

3-курс								
6-академиялық кезең/ 6-академический период/ 6-academic period								
<p>Берілген пәндерден ___ пән таңдалады. Игеруге тиісті кредит саны - ____ Из предоставленных дисциплин выбрать ___ дисциплины. Необходимый объем кредитов для освоения - ____ From the given disciplines choose ___ disciplines. The required amount of loans for development – ____</p>								
4-курс								
7-академиялық кезең/ 7-академический период/ 7-academic period								
<p>Берілген пәндерден ___ пән таңдалады. Игеруге тиісті кредит саны - ____ Из предоставленных дисциплин выбрать ___ дисциплины. Необходимый объем кредитов для освоения - ____ From the given disciplines choose ___ disciplines. The required amount of loans for development – ____</p>								
4-курс								
8-академиялық кезең/ 8-академический период/ 8-academic period								
<p>Берілген пәндерден ___ пән таңдалады. Игеруге тиісті кредит саны - ____ Из предоставленных дисциплин выбрать ___ дисциплины. Необходимый объем кредитов для освоения - ____ From the given disciplines choose ___ disciplines. The required amount of loans for development – ____</p>								

Элективті пәндер каталогы кафедра мәжілісінде талқыланып, жоғары мектеп кеңесіне ұсынылды.

Хаттама № _____ 2021 жыл

Кафедра меңгерушісі: _____

Элективті пәндер каталогы жоғары мектеп кеңесінде талқыланып, университеттің Ғылыми Кеңесіне ұсынылды

Хаттама № _____ 2021 жыл

Жоғары мектеп деканы: _____